

Жылу беру жүйелі
2-бет

Бизнес бюрократияға жем болмайды
4-бет

Аншлапген өткен ақын тойы
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 19 ЖЕЛТОҚСАН, 2024 ЖЫЛ №142 (23 464)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Ойыннан от шықпау үшін...

Салтанат ЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еліміздегі, оның ішінде Қарағанды облысындағы лудомандардың санын ешкім дөп басып айта алмайды. Себебі, бұл – көптің көзінен жабық-жасырын құбылыс. Яғни, ешкімнің ойынкұмар екенін жарияға жар салып айтпайтыны өз алдына, жақындарының өзі әбден жараның ауызы ушығып, жетер жеріне жеткен кезде ғана біледі. Ал, есенке дәрігерден көмек сұрап, психикалық денсаулық орталықтарына жүрген кезде ғана алынады. Қазір Қазақстанда ойын бизнесіне Алматы және Ақмола облысында орналасқан екі аумақта ғана қызмет көрсетуге рұқсат етілген. Бірақ, одан кейін де жағдай түзеле қалды деп айту қиын. Себебі, көзімізге шұқып көрсетпесе де, офлайн ойындайтын ойындар үшін жасырын казинолардың бар екенін білеміз. Одан бөлек, цифрлық технологиялардың дамуы негізінде ойын онлайнға көшіп кеткен. Тіпті, қарапайым компьютерлік ойындарда да құмар ойындардың элементтері бар екенін айтады мамандар. Сондықтан, лудомания алкоголизм мен нашақорлықтан да қорқынышты. Өйткені, мұнда химиялық тәуелділік жоқ. Лудоман ойын ойнауды доғарғанымен, оның мынадағы құмарлықты алып тастау мүмкін емес.

► 4-бет



• БӘРЕКЕЛДІ!

Артемнің жарқын жеңісі

Айтулы жеңіс! Қарағандылық ауыр атлет Артем Антропов Бахрейнде өткен әлем чемпионатында алтын алды. Ол 102 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде коссайыста өнер көрсетті.



Артем Антропов серпе көтеруде 170 келіні, ал, итере көтеруде 230 келіні еңсерді. Жалпы ұпай – 400 келі. Бұл – чемпионаттағы ең үздік нәтиже.

24 жастағы спортшы спорт сарапшылары күмәнді деп таныған допинг дауының салдарынан Париж Олимпиадасына бара алмаған еді. Тіпті, 16 айға спорттан халықаралық дәрежедегі додаларға қатысу құқығынан айрылған. Бірақ, күш атасын танытқан спортшы аренаға қайта оралды.

Әлем чемпионатында Артем Антроповтың басты қарсыластары Катариц Фарес Эльбах 399, испандық Маркос Руис 395 келі көтерді.

Артем Антроповты Иван Снегуров жаттықтырады.

Жарқын жеңіске жетіп, ел абыройын асқатқан чемпионды әуежайдан облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев пен атлеттің жанкүйерлері қарсы алды.

Өз тілшімізден

• БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Ғажайыпқа шақырады

22 желтоқсан, жексенбі күні, Қарағанды мен Саран қосаларында мерекелік Аяз Ата және Ақшақары бар Жаңа жылдық мектеп автобусы жүреді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

QazTehna компаниясының балаларға арнаған ерекше сыйлығы Саран қаласында сағат 14:00-ден бастап қозғалады. Безендірілген көліктің бағыты № 7 мектеп-интернаты, № 9 мектеп-интернатына соғып, Мәдениет үйіне сәл аялдайды.

Ал, Қарағандыда сағат 16:00-ден бастап К.Станиславский атындағы театры бағытынан Кеншілер мәдениет сарайына және 45-ші орам арқылы «Таир» сауда орталығына келеді.

QazTehna компаниясының өкілдері қаланың кішкентай тұрғындарына Жаңа жылдық ғажайыптар сыйламақшы. Сикырлы және көңілді әлемге ену үшін отбасының барлық мүшелерін көңілді автобусты тамашалауға шақырады.



• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

«Тәуелсіздік белгісі» – өткенге құрмет

Тәуелсіздік күні қарсаңында «Тәуелсіздік белгісі» көпшілік назарына ұсынылды. Аталған белгі дөңгелек пішінді, алтын түстес медаль үлгісінде жасалған. Авторы – республикалық Qazaq club клубының жетекшісі Нұржан Сұршаұлы. «Тәуелсіздік белгісі» тарихшы ғалымдар мен сарапшылар жоғары бағалады. Олардың ішінде Қазақстан Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібеков те бар. Алдағы уақытта «Тәуелсіздік белгісі» негізінде монета шығару жоспарланып отыр.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Тәуелсіздік белгісі» бұған дейін жасалған және бетіне жеті көрнекті тарихи тұлға мен сегіз маңызды тарихи күн туралы қысқаша мәлімет қашап жазылған.

Белгінің орталық элементі – QAZAQSTAN деген жазуы бар Қазақстан Республикасының картасы. Бұл – еліміздің аумақтық тұтастығы мен бірлігін білдіреді. Сондай-ақ, белгіде Түркі қағанатының Бөрілі байрағы, Алтын адам, Мөде қаған, Керей мен Жәнібек, Абылай мен Кенесары, Алаш қозғалысының белді өкілі Әлихан Бөкейхан және Тәуелсіздік жарияланған 1991 жыл бейнеленгенін атап өткен жөн.

Нұржан Сұршаұлының бұған дейін жасаған қазақы күнтізбесі көпшіліктің көңілінен шыққан.

руға ықпал етеді, – деп атап өтті Нұржан Сұршаұлы.

Белгі алтын түстес реңкте жасалған және бетіне жеті көрнекті тарихи тұлға мен сегіз маңызды тарихи күн туралы қысқаша мәлімет қашап жазылған.

Белгінің орталық элементі – QAZAQSTAN деген жазуы бар Қазақстан Республикасының картасы. Бұл – еліміздің аумақтық тұтастығы мен бірлігін білдіреді. Сондай-ақ, белгіде Түркі қағанатының Бөрілі байрағы, Алтын адам, Мөде қаған, Керей мен Жәнібек, Абылай мен Кенесары, Алаш қозғалысының белді өкілі Әлихан Бөкейхан және Тәуелсіздік жарияланған 1991 жыл бейнеленгенін атап өткен жөн.

Нұржан Сұршаұлының бұған дейін жасаған қазақы күнтізбесі көпшіліктің көңілінен шыққан.



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-кабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА (теңге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	10447,44
	12 айға	20894,88
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3386,60
	12 айға	6773,20
«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ (теңге)		
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5882,60
	12 айға	11765,20
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3074,60
	12 айға	6149,20
Жеткізусіз	12 айға	4116

«ORTALYQ QAZAQSTAN»
ГАЗЕТИНЕ

Kaspi QR
АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



Жеке жазылушылар үшін



Анықтама телефоны:
41-26-85, 8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 550.21

• USD/KZT 524.66

• RUB/KZT 5.09

• CNY/KZT 72.02

Қазақстан Ұлттық Банкінің 18 желтоқсан, 2024 жылғы дерегі бойынша



Ынтымақтастыққа ынта танытты



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМАТ

Кеншілер өлкесіне Польша Республикасының Қазақстандағы елшілігінің уақытша сенімді өкілі Михал Лабенда іссапармен келді. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев құрметті қонақты арнайы қабылдап, кездесу өткізді. Кездесуде экономикалық және өнеркәсіптік ынтымақтастықты, мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту мәселелері талқыланды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс орталығындағы «Полония» поляк қоғамы өзара мәдени іс-қимылдың маңызды бөлігіне айналған. Онда білім беру және мәдени-ағарту жұмыстары жүргізіледі.

Ермағанбет Бөлекпаев қонаққа аймақтың өнеркәсіптік әлеуеті және оның шетелдік инвесторларға ұсынатын мүмкіндіктері туралы айтып берді. Шетелдік кәсіпкерлерді бірлесіп жұмыс істеуге жұмылдыру мақсатында «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы құрылған еді. Мұнда резиденттер үшін салықтық

және кедендік преференциялар қарастырылған және қажетті инфрақұрылым бар.

— Аймағымызда өндірілетін өнім әлемдік стандарттарға сәйкес келеді және Польшаны қоса алғанда алыс-жақын 50 елге экспортталады. Халықаралық байланыстарды дамытуға үлкен мән береміз және ынтымақтастыққа мүдделіміз, — деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Қабдулаұлы.

Ал, Михал Лабенда өз кезегінде инвестициялар саласындағы екіжақты қатынастарды дамытудың маңыздылығына тоқталды. Ол Қазақстан Польшаның Орталық Азиядағы ба-

сты серіктесі екенін баса айтты.

— Ынтымақтастықты нығайту мақсатында Қазақстанның бірнеше облысына ат басын тіредім. Соғардың ішінде, Қарағанды облысында құрылыс, машина жасау және тау-кен өнеркәсібі сияқты салалардағы инвестициялық жобалар ерекше қызықтырады. Польшада осы салалардағы операцияларды кеңейтуге мүдделі көптеген өндірістер бар. Сіздердің әлеуетіңіз ауқымды, тек логистика мәселесін шешіп алған жөн, — деді Михал Лабенда.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЭНЕРГЕТИКА

Жел қуат көзіне айналады

Осакаров ауданына барсаңыз, жел генераторлары бар дінгектер көзге шалынады. Аймақтағы алғашқы жел электр станциясын «Гиберборей» компаниясы салып жатыр. Оның қуаты 150 МВт болмақ. Құрылысы басталған жасыл энергетика нысанын 2025 жылы қолданысқа енгізу көзделуде.

«Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы әзірленді. Міндет 2030 жылға дейін қолданыстағы активтердің тозуын 40%-ға дейін



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Біраз уақыт жыл бойы қатты жел соғатын орынды таңдауға кеткен. Болашақта мұндай жобаның саны көбейе де мүмкін. Өйткені, жел электр станцияларының тағы екі жобасы әзірленіп жатыр.

Жаңартылатын энергия көздерінің әлеуетін дамыту жөнінде облыс әкімінің бірінші орынбасары Азамат Тайжанов Youtube желісіндегі «Әкімдік қайда қарап отыр?» арнасында кеңінен айтып берді.

Қазіргі таңда аймақта бес қондырғы таза энергия өндіріп жатыр. Жел электр станциялары жұмыс істеп тұрған күн электр станцияларына қосылмақ.

— Осакаров ауданында қуаты 150 МВт болатын жел электр станциясын салу жобасы жүзеге асырылуда. Нысан құрылысы 2025 жылы аяқталуы тиіс. Пайдалануға берілгеннен кейін

қондырғыға қызмет көрсету үшін 20 жаңа жұмыс орны құрылмақ. Теміртауда 500 МВт және Қарқаралы ауданында 200 МВт жел электр станциясын салу жоспары күн тәртібінде тұр. Мұны алдағы күннің еншісіне қалдырайық. Жобаларды әзірлеу жұмысы жүріп жатыр. Әрбір инвестор жобаны іске асырмас бұрын өлшемдерін жинақтайды. Яғни, зерттеуге бір-екі жылдай уақыт кетеді. Содан кейін барып, жұмыс басталады, — деді Азамат Тайжанов.

Сонымен қатар, облыс әкімінің бірінші орынбасары жалпы энергетика мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына қатысты сұрақтарға да жауап берді.

Инфрақұрылымның тозуын тежеу мақсатында желілер жаңғыртылып, жаңалары салынууда. Атап айтсақ, биыл жылумен жабдықтауды жақсарту үшін 17 жоба, сумен жабдықтауды жақсарту үшін 40 жоба іске асырылған.

— Алдағы жылы да бұл қарқынды төмендетпейміз. Ел Президентінің тапсырмасы бойынша

төмендету. Бұл бағытта ауқымды жұмыс күтіп тұр, — деп атап өтті Азамат Тайжанов.

Биыл кеншілер шаһарында үшінші жылу көзі пайдалануға берілген. Дерекке сүйенсек, бұл алдағы 5-7 жылда қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігін, оның ішінде, жаңа салынған ғимараттарды тұрақты жылумен қамтамасыз етуге қауқарлы. 20 мыңға жуық жаңа пәтерді жылытуға жеткілікті қуаты бар.

Бұдан бөлек, аймақта тұрғын үй құрылысы да қарқынды. Бұл жыл қорытындысы бойынша 500 мың шаршы метр пайдалануға беріледі.

Қосымша қуат үшін энергия көздерін жаңғырту бойынша бірқатар жоба жоспарда тұр. Инвестициялық келісімдер аясында 2028 жылға дейін компаниялар Қарағанды ЖЭО-3, Балқаш ЖЭО және Топар ГРЭС сынды үш станцияда екі жаңа қазандық пен төрт турбина салу бойынша міндеттемелер алып үлгерген.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Жылу беру жүйелі



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМАТ

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Шахтинск қаласындағы жылу электр орталығына барып, жұмысымен танысты. Жауапты мамандар аймақ басшысына жылыту маусымының штаттық режимде өтіп жатқанын баяндады. Сонымен қатар, алдағы күндерге арналған жұмыс жоспары да назарда болды.

Шахтинскідегі жылу электр орталығы 60 жылдық мерейтойын атап өтуге дайындалып жатқанын да атап өткен жөн. Биыл аталған энергия көзін жылыту маусымына дайындау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілген.

Атап айтсақ, негізгі және қосалқы жабдықтар күрделі жөндеуден өткізілді. Қалаға берілетін жылудың сапасына кепіл болатын



қазандық қондырғыларына көп көңіл бөлінді және жұмысшы мамандардың басты назарында.

— Бүгінде екі қазандық пен екі турбина, төрт негізгі қазандық жұмыс істеп тұр. Барлық жабдықтар штаттық режимде. Температура режимі сақталған. Ешқандай проблема жоқ, — деп атап өтті

«Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС техникалық директоры Абылай Сейдуәлі.

Аталған станцияда отынның нормативтік қоры да жеткілікті. Осы маусымда жеткізуші компания ауысқанын айту керек. Енді мұнда көмір «Молодежный» разрезінен жеткізіледі.

Сонымен қатар, станцияның қажеттіліктері үшін қажетті жаңа техника да сатып алынған. Нақтырақ айтсақ, бульдозер, шағын тигерштер, жылу желісіне шығуға арналған автокөлік және басқа да техника сақдай сай.

Одан бөлек, жылумен жабдықтау құбырлары да қысқа мұқи-

ят дайындалған. Осы жазда Шахтинск қаласында 4 шақырымнан астам желі ауыстырылып үлгерген. Жылу оқшаулағыштар да қалпына келтірілді.

Қала әкімі Мұрат Қыдырғанбеков биыл 4 шақырымға жуық құбырдың оқшауланғанын атап айтты. Алдағы жылы жылу оқшаулау жұмыстарын жалғастыру жоспарланып отыр.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев мұқият жүргізілген дайындық жұмыстарының оң нәтиже көрсетіп отырғанын атап өтті. Сонымен қатар, келесі жылы тұрғындарды тұрақты сапалы жылумен қамтамасыз ету үшін жұмыстың қарқынды төмендетпеу қажеттігін жіті назарда ұстауды тапсырып, келесі жөндеу науқанына дайындықты уақытылы бастау керектігін де назардан тыс қалдырмады.

Сонымен қатар, өз кезегінде облыс әкімі Шахан кентіндегі жылу беру маусымының ойдағыдай өткеніне де көз жеткізді.

Өз тілшімізден
Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

34 отбасында — қоныстойы

Тәуелсіздік күнінде Шет ауданында тұрғын үй кезегінде тұрған 34 отбасыға су жаңа пәтердің кілті табысталды. Ақсу-Аюлы ауылында 26 адам баспана алған, оларға 3 және 4 бөлмелі пәтер берілді. Ақжал кентінде екі жаңа таунхауста сегіз отбасына үй берілді.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа үйге қоныстанушыларға кілтті Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров табыс етті. Аудан басшысы тұрғындарды көптен күткен қуанышына ортақтасып, оларға жаңа үйде бақыт пен береке кезекте тұрған Шет ауданында кезекте тұрған 122 отбасы пәтер алды. Ауыл тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасатын болады.

— Айтпа кетейік, жаңа үйлердің айналасы асфальтталған. Жылумен жабдықтау үшін ортақ қазандық қарастырылған. Биыл Шет ауданында кезекте тұрған 122 отбасы пәтер алды. Ауыл тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасатын болады.

Шет ауданы

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА

Бағдары айқын бюджет қабылданды

Өңір бюджеті әлеуметтік салаға бағдарланады. Атап айтар болсақ, 2025-2027 жылдарға арналған бюджетте білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, жастар саясатын іске асыру және әлеуметтік саланың басқа бағыттарына шығындардың жалпы көлемінің 61 пайызын бағыттау жоспарланған. Ал, экономиканың нақты секторын дамытуға 21,1 пайыз көзделіп отыр. Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжановтың басшылығымен өткен кезекті XX сессияда депутаттар осындай шешім қабылдап, аталған жылдарға өңір бюджетін беткітті. Сессия жұмысына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысты.

Салтанат ІПНЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бюджет жобасы туралы мәлімдеген облыстың қаржы басқармасының басшысы Людмила Башарина осылай дейді. Себебі, 2025 жылға арналған бюджет жобасы 529,6 миллиард теңге болса, оның 339,5 миллиард теңгесі нақ осы әлеуметтік салаға тиесілі. Ал, 111,7 миллиард теңгесі экономиканың нақты секторына бағытталады. Қалғаны – күштік құрылымдар мен жалпы мемлекеттік шығындарға жұмсалды.

Людмила Викторовна одан бөлек, облысқа республикалық бюджеттен 88,1 миллиард теңгеге нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер бөлінетінін де мәлімдеді.

– Осы қаражат есебінен жылумен, сумен және газбен жабдықтауды, көлік инфрақұрылымын дамыту, әлеуметтік нысандар салу саласындағы жобаларды іске асыру жағдайырады. Ауыл халқының табысын арттыру және АӨК-дегі инвестициялық жобаларға несие беру жөніндегі жобаны масштабтау жалғасады. Жалпы ұсынылған бюджет әлеуметтік мазмұнға бағдарланған, экономиканың барлық салаларын қамтиды және экономикалық тиімді бағдарламаларға бағытталған, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Ал, облыстық мәслихаттың бюджет және жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Аян Әбдікәрімов мемлекеттік орган ұсынған 2025-2027 жылдарға арналған бюджет жобасы талаптарға сай екенін айтады. Қабылданғанға дейін мәслихаттың тұрақты комиссияларында егжей-тегжейлі қаралып, халық қалаулыларының мұқият сүзгісінен өткен жобадан әлеуметтік мәселелер толық қарастырылған.

– Жергілікті атқарушы органдар мен депутаттық корпус алдындағы міндет – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тапсырмасының уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ететіндей облыстық бюджетті қалыптастыру. Өңірдің даму деңгейі – бірлескен жұмыстың нәтижесі. Мақсат – біреу. Ол облыс тұрғындарының өмір сапасын арттыру, – деді Аян Болатұлы.

Аян Әбдікәрімов бұл ретте бюджет қаражатын жоспарлап, сапалы әрі тиімді пайдалану керектігіне назар аударды. Шығын

басым бағыттарды қамтамасыз етуі тиіс. Ал, бұл үшін депутаттар бюджет көрсеткіштерін тиімді бақылауды жүзеге асырады.

Нұркен Сайфиддинұлы XX сессияда облыстық мәслихаттың қызметін ұйымдастыру бойынша жүргізілген жұмыстарының есебін берді. Айтуынша, былғы өткен 10 сессияда 105 шешім қабылданған. Оның 22-сі – нормативтік-құқықтық сипатта.

– Сессияларда 2024 жылға арналған облыстық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар бекітілді, медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы мәселе қаралды. Сондай-ақ, әлеуметтік маңызы бар көлік маршруттарын ашу келісілді. Депутаттар қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарына, үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларына, ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау қағидаларына, абаттандыру және коғалдандыру саласындағы қағидаларға өзгерістер енгізілді, – дейді Нұркен Кобжанов.

Одан бөлек, облыс үшін маңызды шаралар қабылданып, оның орындалысы да облыстық мәслихаттың қадағалауында



болғанын айту керек.

Нұркен Сайфиддинұлы бейіндік комиссиялар 26 отырыс өткізіп, қорытындысы бойынша 50-ден астам ұсынымдар қабылданғанын да айтады. Ал, жергілікті атқарушы органдарға тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және абаттандыру, әлеуметтік маңызы бар нысандарды салу, кәсіпкерлікті субсидиялау, цифрландыру, медициналық оқу орындарына гранттар бөлу және басқа да мәселелер бойынша 239 депутаттық өтініш жіберілген.

Депутаттар сайлаушыларының алдында тікелей жауапты. Демек, оларды толғандыратын мәселелерді шешу үшін барынша

атсалысуы бүгінде қалыпты құбылыс. Есепті кезеңде облыстық мәслихат депутаттары 1270 сайлаушыны қабылдап, өтініштердің дені оң шешімін тапқан.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Елімізде еңбеккер адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады», – деп атап өтті. Осыған байланысты, облыстық мәслихат та күш-жігерді қоғамдағы еңбек құндылығы идеологиясын ілгерілетуге бағыттады. Облыста жыл сайын өмірдің

түрлі салаларындағы үздік қызметкерлерге құрмет көрсетудің маңыздылығы артып келеді. Быыл түрлі ұйымдардың 43 қызметкері облыстық мәслихаттың Алғыс хатымен марапатталды, – дейді облыстық мәслихат төрағасы.

Облыстық мәслихаттың депутаттық корпусы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын, облысты дамыту жоспарын және стратегиялық сипаттағы басқа да құжаттарды іске асыруға байланысты мәселелерді үнемі назарда ұстайтынын айту керек.

Сессия соңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өмір сүру сапасын арттыру және халықтың әл-ауқатын жақсарту маңызды бағыттар болып қала беретінін атап өтті.

– Ұсынылған облыстық бюджет мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелерін орындауға, сондай-ақ, экономиканың тұрақты дамуына бағытталған. Ел Президенті елдің 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекітті. Біздің алдымызда 2026 жылға қарай экономиканың кемінде 3,7% өсім қамтамасыз ету міндеті тұр. Халықтың әл-ауқатын арттыру және өмір сүру жағдайын жақсарту басты мақсат болып қала береді, – деді өңір басшысы.

Сессия барысында облыс үшін маңызды тағы да басқа шешімдер қабылданғанын айту керек.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Агроқоғамдағы көшелі көрсеткіш

Быылғы жыл аймақтың агросаласы үшін айтулы көрсеткіштерге толы болды. Соңғы 13 жылда болмаған рекордтық өнім алынды. 1 млн 300 мың тонна астық бастырылып, 409 мың тоннадай картоп жиналды. Қарағанды аймағы астық жинап, қамба толтырған өңірлердің ішінде төртінші орында. Бұл нәтижеге мемлекеттік қолдау, ауыл шаруашылығы техникасын мезгілінде дайындау, жоғары сапалы тұқым мен минералды тыңайтқыштарды пайдалану көлемін арттыру, агротехнологиялық талаптарды орындау арқылы қол жеткізді. Мұнымен қоса, пайдаланылмаған 163 699 гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. 94 мың тонна өңделген өнім экспортталды. Жалпы өнім көлемі 455 млрд теңгені құрады.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірімізде ауыл шаруашылығы саласындағы өндірістің тиімділігін арттыру үшін суармалы жерлердің көлемі ұлғайтылып, су үнемдеу технологияларын енгізу жүйелі жалғасып келеді. Быыл 5 мың гектар суармалы жер айналымға енгізіліп, жалпы ауданы 35,2 мың гектарға дейін жетті.

Мұнымен қоса, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және қайта өңдеу саласында да даму бар. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім өндірісінің көлемі 455 млрд теңгені құрады. Өткен жылмен салыстырғанда ірі қара мал 17,6 пайызға, жылқы 15,0 пайызға, қой мен ешкі 16,1 пайызға өсті. Ет өндірісінің көлемі 3,5 пайызға және сүт 2,4 пайызға артты.

Жыл басынан бері облыс кәсіпорындары өндірген тамақ өнімдерінің көлемі 2,5 пайызға артып, 164 млрд теңге табысқа шыққан. Ет өнімі 26,8 пайызға, құс еті 25,1 пайызға, ұн өндірісі 19,9

пайызға өсті. Қайта өңделген өнім экспорты 79 мың тоннаны құраған. Бұл көрсеткіштің барлығы өткен жылғы көлемнен 17,7 пайызға артық. Ауыл шаруашылығы өнімі экспорты көлеміндегі қайта өңделген өнімнің үлесі 84,2 пайызға жетті. Яғни, бұған ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша ашылған жаңа өндірістердің ықпалы бар. Атап айтқанда, быыл құрамы 240 тоннаны құрайтын элеватор және құрама жем зауытын жаңғырту бойынша жобалар жүзеге асырылды. Еттің жартылай фабрикаттарын өндіру бойынша және бие сүтін өңдеу бойынша цехтар жаңғыртылды.

Сонымен қатар, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы тиімді жүзеге асырылды.

– Жоба шеңберінде былтыр 4,4 миллиард теңге сомасына 483 шағын несие берілді. Бұл несиелердің жартысы – мал шаруашылығын дамытуға, екінші бөлігі ауыл тұрғындарының бизнес-жобаларын қаржыландыруға жұмсалды.

639 жұмыс орны ашылды. Шағын несиелер мал шаруашылығын дамытуға және ауыл тұрғындарының



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
САЛАСЫНЫҢ 2024 ЖЫЛ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ



816 ЖҰМЫС ОРНЫ МЕН 60 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВІ ҚҰРЫЛДЫ



22 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП, 120 ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ



2491 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЫН ӨНДІРУШІ ЖАЛПЫ СОМАСЫ 22,3 МЛРД ТЕҢГЕ СУБСИДИЯ АЛДЫ

Инфографика облыстық ауыл шаруашылығы басқармасынан

– Мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде субсидия ретінде 22,8 млрд теңге сомасына көзделген қаражат, оның ішінде, өсімдік шаруашылығы саласында – 4,8 млрд теңге, мал шаруашылығы саласында – 6,2 млрд теңге және қаржы құралдарына – 11,8 млрд теңге иерілді. 22,3 млрд теңге сомасына 2491 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне субсидия төленді. Оның ішінде, мал мен өсімдік шаруашылығына, инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге, кредиттеу, сондай-ақ, технологиялық жабдық пен ауыл шаруашылығы техникасының лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемелері бойынша шығындарды азайтуға, қайта өңдеу кәсіпорындарының шығындарын өтеуге берілді, – дейді басқарма басшысы.

Келер жылы да аймақ шаруалары табысты арттырамыз деп отыр. Жалпы өнім өндіру көлемін 601,0 млрд теңгеге дейін, оның ішінде өсімдік шаруашылығы саласындағы ырысты 372,6 млрд теңгеге, мал шаруашылығы саласындағы табысты 228,4 млрд теңгеге жеткіземіз деп жоспарлап отыр.

Ет өндірісінің көлемін 101 мың тоннаға, сүтті 225 мың тоннаға, жұмыртқаны 718,4 млн-ға жеткізбекші. Дәнді дақылдарды 869,3 мың тоннаға, яғни 415,3 мың тонна картоп, 73,7 мың тонна көкөніс өндіреді. Бұл – негізгі жеке. Келер жылы жер ырысын берсе рекорд жаңаруы мүмкін.

Сәйкесінше, инвестиция көлемі мен мемлекеттік қолдау сомасын ұлғайтады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІГАЛЫМ



• КӘСІПКЕРЛІК

Бизнес бюрократияға жем болмайды

Облыстық әкімдікте Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Қанат Нұровтың Қарағанды, Ақмола, Павлодар және Ұлытау облыстарының бизнес-қоғамдастығы мен мемлекеттік органдарының өкілдерімен жұмыс кездесуі өтті. Бас тақырып – кәсіпкерлердің негізгі мәселелері мен бизнес ортаның ахуалын жақсарту жолдары.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмыс сапары аясында уәкіл Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевпен кездесті. Кәсіпкерлерді қолдау шаралары, бірлескен жобаларды іске асыру және бизнестің дамуына кедергі келтіретін әкімшілік тосқауылдарды жою мәселелері кеңінен талқыланды.

Облыс әкімінің орынбасары Еркем Алпысовтың тізгіндеуімен өткен кездесу барысында кәсіпкерлердің өндірістік және сауда

жағдайлар шағын бизнесті қолдаудың орнына, керісінше, оның дамуын тежейді. Бұл, әсіресе, жергілікті кәсіпкерлер үшін іргелі мәселе болып отыр. Шағын және орта бизнес айыппұлдар мен әкімшілік қысымның салдарынан өз қызметін кеңейтуге мүмкіндік таппай, нарықтағы орнын жоғалту қаупімен бетпе-бет келеді. Біз заңнаманы қайта қарап, реттеуге барынша ұтымды да әділ көзқарас қолдануды күтеміз. Бұл тек кәсіпкерлерге ғана емес, жалпы өңірлік экономиканың өсуіне де оң ықпалын тигізеді, – деді өңір-



рак көрінеді. Мысалы үшін, 156, 277-баптар бойынша қолданылатын жазалардағы теңсіздік бірдей жағдайдағы кәсіпорындарға әртүрлі жауапкершілік жүктеуге әкеледі. Осындай жайттар бизнестің дамуына кедергі келтіріп, аймақтағы экономикалық көрсеткіштің өсуіне кері әсерін тигізеді. Осы баптарды қайта қарау және оларды жетілдіру арқылы біз әділеттілік қағидатын сақтай отырып, кәсіпкерлерге тең мүмкіндік-

тер қамтамасыз ете аламыз, – деп мәлімдеді «Магнитка Казамета» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Андрей Витик.

Сондай-ақ, жекеменшік мектепке дейінгі білім беру саласындағы қайталанатын тексерулер мәселесі қоса талқыланды. Қарағанды филиалының үздіксіз білім беру қауымдастығы директорының орынбасары Гүлжазира Қасенованың айтуынша, аталған тынымсыз тексерулер легі қосым-

ша жүктеме туғызып, жеке балабақшалардың тұрақты жұмысына кедергі келтіретін көрінеді.

Өз кезегінде Қанат Нұров кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға және жүйелік кедергілерді жоюға бағытталған бизнес-омбудсмен тұжырымдамасын ұсынды.

– Біздің басты міндетіміз – кәсіпкерлердің бизнес-омбудсменге жүгіну қажеттілігін азайту. Бұл үшін жергілікті деңгейде жүйелік мәселелерді тиімді шешу қажет. Кәсіпкерлер өздерін толғандыратын мәселелерді орталық органдарға жеткізбей-ақ, аймақтық деңгейде шешуге мүмкіндік алуы тиіс. Бұл бизнес үшін уақыт пен ресурстарды үнемдеумен қатар, аймақтағы инвестициялық ахуалды жақсартуға сансыз септігін тигізеді. Жергілікті мемлекеттік органдар кәсіпкерлердің сұрақтарына жылдам әрі нәтижелі жауап бере алатындай

тетіктерді күшейту қажет. Біздің мақсатымыз – бюрократиялық кедергілерді барынша азайтып, бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау, – деп атап өтті спикер.

Кездесу қорытындысы бойынша заңнаманы жетілдіру мақсатында нақты ұсыныстар әзірлеу туралы ортақ шешім қабылданды. Аталмыш ұсыныстар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және бизнес жүргізу шарттарын жақсарту үшін жүйелік шараларды кеңінен қамтиды. Барлық бастамалар тиісті мемлекеттік ведомстволарға жіберіліп, әрі қарай жан-жақты қаралатын болады. Келелі жын соңында Қанат Нұров журналистер сұрақтарына жауап беріп, кездесуде талқыланды мәселелердің шешілу барысына қатысты жоспарларымен бөлісті. Ол өңірдің экономикалық әлеуетінің жоғары екенін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, бизнес-омбудсмен кәсіпкерлердің жүйелік мәселелерін шешуге ықпал етуге және олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға дайын екенін нақтылады. Бұл қадамдар өңірдегі бизнес-ортаны жақсарту және кәсіпкерлікті дамыту үшін маңызды болмақ.

Кәсіпкерлік – мемлекеттің экономикалық дамуының тірегі. Қарағандыда өткен бұл кездесулер мен пікірталастар – кәсіпкерліктің жүйелік мәселелерін шешуге бағытталған маңызды қадам. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау, бизнес-ортаны жақсарту және әкімшілік кедергілерді жою бойынша қабылданатын шаралар – тек кәсіп иелерінің ғана емес, өңір экономикасының да тұрақты дамуы үшін негіз болады. Қанат Нұров бастаған жұмыс кездесуі нақты мәселелерді анықтап, оларды шешу үшін жүйелі ұстаным қалыптастырудың үлгісі іспеттес. Бұл кездесулер бір ғана диалогпен шектелмей, өзара түсіністік пен сенімге негізделген серіктестікке айналады деп үміттенеміз. Әрбір ұсыныс, әрбір бастама кәсіпкерліктің шарықтауына, өңір экономикасының нығаюына және еліміздің болашағының жарқын болуына ықпал етпек. Өзекті мәселелерді шешу жолында нақты қадамдар жасалып, заңнаманы жетілдіру шаралары қолға алынған кезде ғана, кәсіпкерлер өз әлеуетін толық жүзеге асыра алады. Бұл кездесудің басты жетістігі – кәсіпкерлер мен билік арасында шынайы және сындарлы диалог орнауы. Жүйелік өзгерістерге жету үшін осындай алаңдарда ұсыныстар әзірленіп, іске асырыла бермек. Бүгінгі талқылаулар мен келелі ойлар – ертеңгі табысты Қазақстанның бастауы.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

қызметіне теріс әсер ететін бірқатар өзекті мәселелер талқыланды. Атап айтқанда, көмір мен болат өнімдерін экспорттауға қойылған шектеулер кәсіпорындардың дамуын тежеп, өндіріс көлемінің қысқаруына себеп болып отырғаны айтылды. Бұл шектеулер жергілікті өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігіне нұқсан келтіріп, экспорттық нарықтардағы позициясын әлсіретуде. Сонымен қатар, құрылыс саласындағы әкімшілік кедергілер мен рұқсат алу рәсімдерінің күрделілігі де күн тәртібінде болды. Кәсіпкерлер бұл үдерістердің тым бюрократиялық сипатқа ие екенін және уақыт пен ресурстарды артық жұмсауға мәжбүр ететінін атап өтті.

Ерекше назар алкоголь өнімдерін сату саласындағы мәнді мәселелерге аударылды. Бұл саладағы реттеулердің артық болуы кәсіпкерлер үшін қосымша қиындықтар туғызып, олардың бәсекеге қабілеттілігін төмендететіні айтылды. Осы түйінді түйтікілдердің барлығы кәсіпкерлердің еркін әрекет етуіне кедергі келтіріп, бизнестің дамуын шектеп отырған негізгі факторлар ретінде көрсетілді.

– Әкімшілік істер мен қосымша жұмыстарды орындауға қажетті құжаттардың сандарының артық болуы кәсіпкерлер үшін қосымша қиындықтар туғызып, олардың бәсекеге қабілеттілігін төмендететіні айтылды. Осы түйінді түйтікілдердің барлығы кәсіпкерлердің еркін әрекет етуіне кедергі келтіріп, бизнестің дамуын шектеп отырған негізгі факторлар ретінде көрсетілді.

лік кәсіпкерлер кеңесінің мүшесі Владимир Быков.

Тағы бір маңызды мәселе – тау-кен өндірісі саласында қылмыстық жауапкершілікті қолданудағы теңсіздік.

– Қылмыстық кодекстің кейбір баптарындағы айырмашылықтар кәсіпорындарға теңгерімсіз жағдайлар жаратуда. Мәселен, тау-кен өндірісі саласында айқыны-

Кәсіпкерлік – мемлекеттің экономикалық дамуының тірегі. Қарағандыда өткен бұл кездесулер мен пікірталастар – кәсіпкерліктің жүйелік мәселелерін шешуге бағытталған маңызды қадам. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау, бизнес-ортаны жақсарту және әкімшілік кедергілерді жою бойынша қабылданатын шаралар – тек кәсіп иелерінің ғана емес, өңір экономикасының да тұрақты дамуы үшін негіз болады. Қанат Нұров бастаған жұмыс кездесуі нақты мәселелерді анықтап, оларды шешу үшін жүйелі ұстаным қалыптастырудың үлгісі іспеттес.



Ойыннан от шықпау үшін...

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында «Шын мәнінде, лудомания – бейбіт күнде елдің шыркын бұзып жатқан қатер. Соның кесірінен талай шаңырақ шайқалды. Талай азамат заң бұзып, қылмысқа ұрынды. Құмар ойын үшін қарызға батып, өзіне қол жұмсаған жаңдар туралы хабарлар, өкінішке қарай, күн сайын тарап жатады. Бұл дерт жас ұрпаққа өте үлкен зиян келтіреді. Онлайн ойындар балалардың күнделікті ермегіне айналып барады» деп айтқан болатын.

Облыстың экономикалық тергеу-тексеру департаментінің бірінші тергеу басқармасының басшысы Ержан Қалиасқаров ойын бизнесі өзекті мәселелердің бірі ретінде елімізге экономикалық қана емес, әлеуметтік қатер төндіріп отырғанын айтады.

– Заңсыз ойын бизнесінен келетін зиян – ауқымды. Экономикалық жағынан айтар болсақ, тіркелмеген ойын операцияларының мемлекеттік бюджетке қаржы



түспейді. Одан бөлек, әлеуметтік жағы да бар. Мәселен, заңсыз казино, ойын автоматтары және онлайн платформалар құмар ойындарына тәуелділіктің өсуіне бірден-бір себепші. Бұл отбасылардың бұзылуына және азаматтардың материалдық жағдайы-

ның нашарлауына әкеледі. Заңсыз ойын операцияларын қылмыстық әрекеттерден де бөліп қарай алмаймыз. Яғни, алаяқтық пен заңсыз ақшаның ізін жасыру да көбінесе дәл осы жерден басталады, – деді Ержан Саматұлы. Ержан Қалиасқаров елімізде

заңсыз ойын бизнесімен күресу үшін лицензиялау бойынша қатаң ережелер енгізілгенін айтады. Одан бөлек, интернет провайдерлерімен бірлесіп, заңсыз құмар ойындар ұйымдастыратын сайттарды бұғаттау шаралары жүргізілуде.

– 2023 жылдан ел бойынша «Кибернадзор» ақпараттық жүйесі арқылы онлайн-казино қызметтерін ұсынатын 1216 интернет-ресурсты анықтап, оның 795 сілтемесі бұғатталды, қалғандары бойынша жұмыс жүргізілуде. блогерлермен де тиімді жұмыс атқарамыз. Мәселен, іс-қимыл аясында 35 Instagram аккаунтында заңсыз ойын бизнесін әшкерелеудің 8 фактісі жарияланды, – дейді Ержан Қалиасқаров.

Заңсыз ойын бизнесін анықтауда, тергеуде және жолын кесуде Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің рөлі маңызды. Атап айтқанда, күдікті және лицензиясыз операцияларды анықтап, басқа да органдармен бірлесіп жұмыс атқаратынын айту керек. Нәтижесінде, заңсыз ойын мекемелері мен интернет-платформалар жабылып, осындай қызметке тартылған миллиондаған теңге ұсталып, қаржыландыру арналары тоқтатылады.

Мәселен, 2021-2024 жылдар аралығында Қарағанды облысында 17 заңсыз ойын мекемесі жабылды. Оның біреуі – букмекерлік кеңсе болса, 13-і – жасы-

рын казино және 3 ойын залы. Ал, ұйымдастырғандар бас бостандығынан айырылған. Одан бөлек, 316 ойын терминалы, яғни, бинго лоттары айналымнан шығарылған.

– Биылғы қазан-желтоқсан айлары аралығында облыстың экономикалық тергеу-тексеру департаменті интернет ресурстарын мониторингтеу барысында Instagram әлеуметтік желісінде заңсыз лотерея ұтыс ойынын жүзеге асыратын 6 аккаунтты анықтады. Өткізілген іс-шаралардың нәтижесінде осы аккаунт иелерінің жеке басы анықталды. Ал, заңсыз лотереяны ұйымдастырушыларға қатысты жиналған материалдар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 445-1-бабының 6-тармағы бойынша жауапқа тарту үшін Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің индустрия және туризм комитетіне жіберілді. Қазіргі уақытта 2 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды, – дейді Ержан Қалиасқаров.

Айта кету керек, Қазақстанның аумағында лотерея ойыну құқығына «Сәтті жұлдыз» акционерлік қоғамы ғана құқылы.

Жаңа қоныс, жарқын сәт

Тәуелсіздік мерекесінде Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов тұрғын үйге мұқтаж аз қамтылған, көпбалалы, тұрмысы төмен отбасыларға жаңа баспана кілттерін табыс етті.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

— Азаттығымыздың ақ таңында сүйіншілеген жаңалықтарымыз көп болып тұр. Бүгін 4 отбасыға екі басты үйлерден жаңа баспана беріп жатырмыз. Бұған дейін де пәтер кілттерін табыстаған болатынбыз. Ал, бүгін көпбалалы отбасыларға пәтер кілтін табыстап отырмыз. Баспана иелерін осындай айтулы күнмен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа үйлер берекелі болып, аулеттеріңізге қуаныш әкелсін! — деді аудан әкімі Абылай Аманжолов.

Жаңа пәтерге қоныстанушылар атынан көпбалалы аналар сөз сөйлеп, мемлекет тарапынан көр-



сетіліп жатқан қолдаулар үшін алғыстарын білдірді. Баспаналы болғандардың қатарында Гүлім Бижігітова, Саят Сәкенов, Ардақ Рымқанова, Жазира Карбозова бар.

Айта кетейік, ауылда тұратын көпбалалы аналар үшін жаңа үйлерде барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар, биыл өңірдегі барлық қаржыландыру көздері

есебінен тұрғын үйдің құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Ақтоғай ауданы Сурет автордан

Еске алу

Кеше ғана жайрандап жүрген абзал азамат, адал жар, асқар тау әке, ардақты ата, жан бауырымыз **Ғалым Ібжанұлы КӨПЖАСАРОВТЫҢ** бұл фәниден бақиға аттанғанына да айдың жүзі болыпты.

Ғалым жаратылысынан болмысы бөлек, жүзі жарқын, жаны жайсаң, жүрегі жомарт, бойына бауырмалдық қасиет ұялатқан азамат еді. Ол әрдайым әр адамға қолының ұшын беріп, бар адамға жақсылық жасауға бейім тұратын. Осы қасиеттерімен ел құрметіне бөленіп, алғыс арқалап жүруші еді.

Ғалым Ібжанұлы саналы ғұмырында ішкі істер органдарында лауазымды қызметтер атқарып, полиция полковнигі дәрежесіне жеткен. Осы жерде ол соңынан ерген өріптестеріне қол ұшын созып, тәжірибесімен бөлісіп, көп көмегін тигізген. Бұл шәкірттері оның кәсіби деңгейі мен азаматтық болмысын жоғары бағалап, іттипатпен еске алады.

Бүгінде қимасымызды еске алып, жайың Жәннатта, жаның рахатта болсын деп тілейміз.

Бақұл бол, маңдайымызға сыймай кеткен, Асылымыз!

Жаралған елден ерек Ғалым едің, Өн бойың жастық жігер жалын еді. Ел-жұртың есіміңді қадір тұтып, Аялап алақанға салып еді.

Жүруші ең жанымызда жайран қағып, Қызықтап бұл өмірді сайран салып. Кеттің ғой ойсыратып ортамызды, Сұм ажал ойда жоқта ойран салып.

Тең басқан төрт аяғың Ақтангерім, Кезінде есіміңмен мақтанды елін. Жаратқан Жұмағынан орын сыйлап, Мәңгілік мамық болсын жатқан жерің.

Қалдырып бұл жалғанға мына бізді, Жатырсың мекен етіп құла түзді. Өзіңе бір Алладан аман тілеп, Рухыңа бағыштаймыз дұғамызды.

Бүгінде нұр жүзінді сағынамыз, Жүректен шер, көзден жар ағызамыз. Алланың өміріне амал бар ма, Тағдырдың жазуына бағынамыз.

Кетсең де көзден таса жүректесің, Іздейміз күн артынан күн өткесін. Иманың серік болып бақилықта. Жәннатта жаныңды Алла жүдетпесін. Әмин!

Еске алушылар: жұбайы – **Айман**, балалары – **Мадияр-Гауһар, Асыл-Айгүл**, қарындасы – **Жұлдыз, немерелері және Көпжасаровтар әулеті.**

№466

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

«Талаптың мініп тұлпарын»

Балқашта Балалар өнер мектебінің оқушылары **Күләш Байсейітова** атындағы шәкіртақыға ие болды. Жыл сайын дәстүрге айналған шәкіртақы 2013 жылдан бері тағайындалып келеді. Биыл стипендия хореография бөлімінің түлегі **Асанәлі Әмен** мен вокал бөлімінің түлегі **Әннұр Жұмабекке** табысталды.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Музыкалық және орындаушылық өнерде жоғары жетістіктерден көрінген оқушыларға оқу жылының соңына дейін ай сайын 10 мың теңге көлемінде қаржылай сыйақы беріледі.

— Біз бұл оқушыларымыздан үлкен үміт күтеміз. Келешекте өз өмірлерін өнермен жалғастырады деген ойдамыз. Бұрынғы стипендия иегерлерінің барлығы қазіргі таңда жоғары оқу орындарын бітіріп, өнер ордаларында жүр. Кейінгі түлектеріміз Астана,

Алматы, Қарағанды қалаларында білімін жалғастыруда, — деді Балалар өнер мектебінің директоры **Гүлжихан Жексенбекова**.

Айта кетейік, **Күләш Байсейітова** атындағы шәкіртақы жас таланттарды қолдауға және өнерлерін дамытуға ықпал ету мақсатында жыл сайын тағайындалып келеді. Шәкіртақыға иелік еткен **Асанәлі Әмен** «Хореография үйірмесіне 5 жасынан, ал, **Әннұр Жұмабек** 4 жыл биге, 9 жасынан вокалға қатысып, халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық байқауларда жүдделерге ие болған.



Сурет ашық дереккөзінен

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Жаңа мүмкіндікке жол ашылды

Құтқарушылардың жұмысы – өте жауапты. Олар төтенше жағдай кезінде өз өмірін қатерге тігіп, қауіпті сейілтуге барын салады. Жұмысты сапалы атқару үшін заманауи техника қажет. Осы орайда Қарағанды облысының төтенше жағдайлар департаментіне 15 жаңа арнайы техника беріліп отыр.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі төтенше жағдайларға ден қоюдың жеделдігі мен тиімділігін арттыру үшін авариялық-құтқару техникасын жанартуды жалғастыруда.

Нақтырақ айтсақ, қарағандылық құтқарушылар иелігіне өрт сөндіруге арналған бес автокөлік, кинолоциялық қызметке арналған Toyota Hilux жол талғамайтын көлігі, экстремалды климаттық және табиғи жағдайларда жұмыс істеу үшін ыңғайлы екі «Трэкол Вега» маркалы қар-батпақта жүретін көлік, сонымен қатар, тіркемесі бар Marlin құтқару қайығы берілді.

Бұдан бөлек, су астындағы іздеу операцияларына арналған арнайы құрал, 166 жауынгерлік киім жиынтығы және ауаны зарядтауға арналған компрессор да бар.

— Бұл шаралар төтенше жағдайларға ден қою тиімділігін едәуір арттырады, құтқару операцияларын жүргізуді жеделдетеді және кез келген жағдайда азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, — деп атап өтті Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі өкілдері.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!! / ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН!!!					
«БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» АҚ «07» қантар 2025 жылғы кепіл мүлкін голландия әдісімен сату бойынша сауда-саттық өткізеді / АО «БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «07» января 2025 года по голландскому методу					
№ т/п	Объектінің атауы / Наименование объекта	Орналасқан орны / Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы / Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы / Стартовая цена	Кепілдік жарна / Гарантийный взнос
1	Автомобили на первичном рынке/ Бастапқы нарықтағы автомобильдер	Қарағандық облыс, г. Қарағанда, Проспект Нұркена Абдирова, стр 5, оф 416. /Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 корпус, 416 каб.	Автомобиль модель, марка CHEVROLET COBALT, регистрационный № 367ANJ09, VIN-шасси МХ11А69V9РК045486, года выпуска 2023, объем двигателя 1485, цвет Сур / Gray.	5 877 000 (пять миллионов восемьсот семьдесят семь тысяч) тенге/ (бес миллионов семьсот семьдесят семь тысяч) тенге.	5% Сумма 293 850 (двести девяносто три тысячи восемьсот пятьдесят) тенге/ (екі жүз тоқсан үш мың сегіз жүз елу) тенге, Шаг повышения 2% сумма 117 540 (сто семьдесят тысяч пятьсот сорок) тенге/ (жүз он жеті мың бес жүз қырық) тенге.
2	Автомобили на первичном рынке/ Бастапқы нарықтағы автомобильдер	Қарағандық облыс, г. Қарағанда, Проспект Нұркена Абдирова, стр 5, оф 416. /Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 корпус, 416 каб.	Автомобиль модель, марка LADA GRANTA, регистрационный № 392АЕК09, VIN-шасси МХ1219040N0833709, года выпуска 2022, объем двигателя 1596, цвет Ак / White.	4 037 000 (четыре миллиона тридцать семь тысяч) тенге/ (төрт миллион отыз жеті мың) тенге.	5% Сумма 201 850 (двести одна тысяча восемьсот пятьдесят) тенге/ (екі жүз бір мың сегіз жүз елу) тенге, Шаг повышения 2% сумма 80 740 (восемьдесят тысяч семьсот сорок) тенге/ (сексен мың жеті жүз қырық) тенге.

Аукционға қатысуға өтінімдер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және аукцион басталғанға дейін бір күн бұрын Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 ғимарат, 416 кабинет, «Банк ЦентрКредит» АҚ мекенжайы бойынша аяқталады. Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы бойынша теңгемен сауда-саттық өткізгеннен кейінгі 5 (бес) банктік күн ішінде Қарағанды қаласындағы «Банк ЦентрКредит» АҚ филиалы, БСН 980640000093 ИИК KZ61856000000090657 БИК КСЖВКЗХ деректемелері бойынша төленеді. Сауда-саттық өткізілетін орын: Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 ғимарат, 416 кабинет. Сауда-саттық басталатын уақыт – 10 сағ. 00 минут. Уәкілетті тұлға: Асланбек Талғатұлы Аршкенов, Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 ғимарат, 416 кабинет. Аукцион туралы қосымша ақпаратты 87001452225 (тел 505 ішкі 76538), телефоны арқылы ала аласыз.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу г. Караганда, Проспект Нуркена Абдирова, стр 5, оф 416, в АО «Банк ЦентрКредит». Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан в течении 5 (пяти) банковских дней после проведения торгов по реквизитам: Филиал АО «Банк ЦентрКредит» в городе Караганда, БИН 980640000093 ИИК KZ61856000000090657 БИК КСЖВКЗХ Место проведения торгов; г. Караганда, Проспект Нуркена Абдирова, стр 5, оф 416. Начало торгов – 10 часов 00 минут. Доверенное лицо: Аршкенов Асланбек Талғатұлы, г. Караганда, Проспект Нуркена Абдирова, стр 5, оф 416. Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 87001452225 (тел 505 вн 76538).

№334,335

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:
«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика + математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау», «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», «География + математика», «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылжытатуда және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл. лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

№468

Қарағанды қаласында 2024 жылдың 23-24 желтоқсан аралығында «Жастар» СК-де мүмкіндігі шектеулі балалар арасында келесі спорт түрлері бойынша балалар инклюзивті спорт фестивалі (жас санаты: 7-16 жас) өтеді: бадминтон, таэквондо, бочча, голбол, арм-рестлинг, боулинг, асық ату, дартс. Өтінімдер келесі WhatsApp номері бойынша қабылданады +7 701 343 3681 – фестивалдің бас хатшысы.

№336

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

д

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



• ПОЭЗИЯ КЕШІ

Аншлағпен өткен ақын тойы

Ақын, жыршы Тілеген Әділов 50 жасқа толып, соған орай Кеншілер мәдениет сарайында «Біздің жүрек сіз үшін жыр жазуда» атты шығармашылық кешін өткізді. Ақынның тойына алыс-жақыннан игі жақсының бәрі жиылды. Өлеңге сусан келген жұрттың көбіне орын жетпей, поэзияны тік тұрып тыңдады. «Ақынның тойы» деп ауыз толтырып айтатын кеш болды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірінші бөлімде Сәкен театрының актерлері ақынның өлеңдерін оқыды. Жастық шақтағы сарқыраған көңілдің өлеңдерінен бастап өмір турасында толғанған аға Тілегеннің пайымды өлеңдеріне дейін қамтылды. Ақынның мінезі мен кеудесін толқытқан ұлы сағыныштың иісі аңқыған «Тарланкөк» өлеңіне театрландырылған көрініс қойылды. Бұл туындыдан Бұғылы мен Тағылыда тұлпар мініп, саятшылық құрған жыраудың жан сөзі естіледі. Актерлер де кеш иесінің образын көркемдік деңгейде жеткізе алды. «Жалғыз досым бар менің» өлеңінде бес күндік жалғаннан өзіндік шындығын іздеп бұлқынған жүрек Жаратқанға жалбарынып, жұбаныш пен сабыр іздейді.

Айттыскер ақын Мақсат Аканов пен Дидар Қами айтты. Қос ақын Тілеген Әділовтің ақындығын, азаматтығын жырларына арқау етті. Бұл кеште қос ақынның айтқысуы заңды. Себебі, Тілеген Әділов – айттыста да қарабайырлықтан ада көркем тіркестерімен жарқыраған талант иесі. Республикалық сөз бәйгесінде аймақ абыройын талай асқақтатқанына халық куә.

Астанадан Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтауын айттыскер ақын, Парламент Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтаев жеткізді. Ерлан Қошановтың хатын оқығаннан кейін өзі де лебізін білдірді, шапанын жапты.



– Соңымнан ерген жақсы бауырым, 50 жасың құтты болсын! Ақыннан бұрын абыройлы, кең пейілді, адамдардың бәрине құшағың ашық азаматсың. Халқыңның саған деген құрметі бөлек. Кеншілер мәдениет сарайында ине шаншыр орын жоқ.

Бұл көрініс – сөзімің дәлелі. Өнердегі ағасы марқұм Сейіл Аяған «Тілегенді тыңдағанда, жыраулардың заманына тап болғандай күй кешесің» деуші еді. Шынымен де солай. Бабалардың асыл мұрасын бойына әбден сіңірген. Жырларынан жы-

раулардың үні естілетіні содан. Тілеген ақын – Арқаның мақтанышы деп зор сеніммен айта аламын, – деді Аманжол Әлтаев.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың сәлемін облыс әкімдігі аппаратының басшысы Ерлан Ғалиев жеткізді. Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров та туған жерден азаматтарды бастап келді. Шапанын жауып, астына тұлпар мінгізді. Сөйтіп, аудан халқының атынан құрмет көрсетті.

Кешті айттыскер ақын Айтбай Жумағұлов жүргізді. «Жалғыз досым бар менің» және «Тарланкөк» атты екі кітаптың тұсауы кесілді.

Қазақ эстрадасының жұлдыздары Роза Әлқожа мен Токтар Серіков қадірменді меймандардың қатарында. Олар да сахнаға шығып, әннен шашу шашты.

Бұл кешті көрген де арманда, көрмеген де арманда. Поэзия кеші аяқталғанға дейін көрермен тік тұрып тамашалады. Соған куә болған біз Тілеген ақынның, Тілеген жыраудың абыройы мен беделін көрдік. Халықтан асқан дана жоқ. Кімнің кім екенін халық жақсы біледі.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ЖЕКПЕ-ЖЕК

Азияның екінші алтыны

ММА, яғни, ережесіз жекпе-жек спорты Қарағандыда қарқын алып келеді. Уақыт өткен сайын бұл спорт түрінен жетістікке жетіп жатқандардың қатары артауда. Солардың бірі – Егор Желтов. Ол – Бахрейнде өткен құрлық бәсекесінде Азия чемпионы атанды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бахрейндегі додаға Қазақстанның жасөспірімдер құрамасы аттанған еді. 16-17 жас аралығындағы топта Қазақстан құрамасы командалық есепте де бірінші орыннан көрінді.

Егор Желтов болса, осымен екінші мәрте Азия чемпионы атанып отыр. Ол былтыр ғана құрлықтың алтынын қанжығалаған. Қазақстанның үш дүркін чемпионы, 2023 жылғы әлем чемпионатының жүлдегері.

Ақтық сында Егор Желтов тәжікстандық қарсыласынан ба-сым түсті.

Чемпионның жаттықты-

рушысы – Дмитрий Ермолаев.

– Егордың болашағы жарқын. Кез келген додада ойдағыдай өнер көрсетеді. Психологиялық, физикалық тұрғыдан да дайындығы жақсы. Келешекте біршама белесті бағындыратынына сенімдімін. Үміт артатын үздік шәкіртім. Әлі талай сыннан өтеді. Финалдағы қарсыласын бұрыннан білеміз. Мықты спортшы. Бірақ, Егор айланып асыра алды. Келешекте жаттығуларды күшейтеміз. Жаңа жаттығу бағдарламаларын әзірлейміз. Бәрі жаттығуға байланысты. Тек, жеңіске деген жігерінен ажырамаса болғаны. Чемпионат жоғары деңгейде ұйымдастырылыпты, – деді Дмитрий Ермолаев.



Сурет ашық дереккөзінен

• БОКС

Қазақстан чемпионаты – Қарағандыда

Қарағандыдағы Серік Сәпиев атындағы бокс орталығында кеше әуесқой бокстан 40-шы Қазақстан чемпионаты басталды. Былғары қолған шеберлерінің додасы 24 желтоқсанға дейін жалғасалы. Байрақты бәсеке КСРО спорт шебері, ҚазКСР-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ғалым Жарылғаповтың 85 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр.

Бокстан ел чемпионаты Қарағандыда 2007 жылдан бері өткізілмегенін атап өткен жөн.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан чемпионатына 500-ге жуық спортшы қатысады. Тең жартысы әйелдер. Турнирдің ашылуына Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабаев пен Ұлттық Олимпиада комитетінің президенті, кәсіпқой бокста атой салып, аты аңызға айналған Геннадий Головкин, «Балқаш жолбарысы» Василий Жиров келді. Атақты кәсіпқой боксшы кіші Рой Джонс және басқа да атағы жаһанға тараған кәсіпқой бокстың жұлдыздары чемпионаттың құрметті қонақтары болды.



Кіші Рой Джонс Қарағандыға бірінші рет келіп тұрған жоқ. Осыған дейін талай додаларға арнайы келген. Қазақстандағы бокстың деңгейі хақында пікірін білдірді.

– Қарағандыға келген сайын ерекше әсер аламын. Бұл қалада талантты спортшылар көп. Әсіресе, боксқа айрықша ықыласпен қарайды. Бүгін де әлемнің жарық жұлдыздарымен бір қатарда отырғанымна қуаныштымын. Қарағандының бокс мектебі мақтауға лайық. Геннадий Головкин мен Серік Сәпиев, Василий Жиров сөзіме дәлел. Олардың спорттық мансабын жоғары бағалаймын. Мектеп әлсіз болса, ондай

спортшылар шықпайтыны анық, – деді Рой Джонс.

Кәсіпқой бокс рингінде «Балқаш жолбарысы» лақап атымен танылған Василий Жиров та чемпионат қатысушыларына сәттілік тіледі.

– Бокс – гажайып спорт. Мұнда физикалық дайындық қана емес, тактикалық тұрғыдан да үздік болуы шарт. Бұл чемпионатта жағындай жарқырайтын боксшылар табылуына тілектеспін. Осындай додаларда нағыз таланттар анықталады. Баршасына сәттілік жолдас болсын! – деді Василий Жиров.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ТАНЫМДЫҚ САҒАТ

Тарихтан тағылым

Мұхтар Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханасында Алаш айлығының қорытындысы аясында «Азаттықты ансаған Алаш жолы» атты тарихи сағат өтті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шараға тарихшы, журналист Ергазы Қадашұлы, Қазақ КСР білім беру саласының үздігі, ардагер ұстаз, жазушы Ғаникен Әбдірахманов, облыстық мәслихаттың депутаты Ермек Әбділин, табиғат жанашыры Сәкен Келдібаев, Қазақстан Журналистер

одағының мүшесі, өлкетанушы Аңғар Смағұлов қатысты.

Іс-шара барысында кеш қонақтары студенттер мен Ә.Ермеков атындағы мектеп-лицейінің оқушыларына «Алаш» қозғалысы туралы тарихи-танымдық әңгіме айтып берді.

– «Алаш» қозғалысының тарихын білу – жас ұрпақтың міндеті. Себебі, ұлтының өткенін, ата-бабаларының ерлігін білмеген

ұрпақ болашаққа сенімді қадам баса алмайды. Ал, аға буынның міндеті – тарихты дәріптеу. Қазір білім аламын деген адамда мүмкіндік көп. Кітапханалардың есігі айқара ашық. Керек десеніз, ғаламторда да деректер сайрап жатыр. Осындай кездесулерден өздеріңізге керекті мағлұматтарды жадларыңызға түйіп алу – маңызды, – деді облыстық мәслихаттың депутаты Ермек Әбділин.

• ТЕННИС

Турнирде топ жарды

Жерлесіміз Әмір Омарханов ITF Juniors J500 Orange Bowl сериясындағы беделді халықаралық жасөспірімдер турнирінде жеңімпаз атанды. Қарағандылық спортшы бүгінде Қазақстанның 18 жасқа дейінгі алғашқы ракеткасы болып саналады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әмір Омарханов жарыстың ақтық сынында ресейлік Тимофей Дерипаскомен жұптасып, Анри Берно (Швейцария) және Денис Петак (Чехия) дуэтин 3:6, 6:1, 10:1 есебімен шаң қаптырды.



Сурет ашық дереккөзінен

Orange Bowl жыл сайын АҚШ-тың Флорида штатындағы Плантейшен қаласында (Флорида, АҚШ) өткізіледі. Турнир жасөспірімдер

арасындағы бейресми әлем чемпионаты болып есептеледі. Магчтар жасыл жабын төселген ашық корттарда өтеді.

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНИШК НЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
К.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МУКАЙ
Жауапты хатшы –
Ж. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Актоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Оскарков: 8-777-073-71-13
Темиртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдары сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☺

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күшіне енгізілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ КФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 197

№ 142 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басалымы. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРКАНАТ КЕНЕСБЕКҰЛЫ